

**II апта (09 наурыз -11 наурыз, 2022 жыл)
№9 «Балдырған» кіші топ**

Өтпелі тақырып: «Салттар мен фольклор»

Апталық тақырып: "Ертегілер елінде. Театр әлемі"

Мақсаты: Балаларды 8 -наурыз Халықаралық аналар мерекесі туралы түсінік беріп және мерекелік көңіл күй сыйлау. Театр әлемі, ертегілер еліне саяхат жасау арқылы балалардың сахналық қойылымға деген қызығушылықтарын арттырып, ертегі түрлерімен таныстыру.

Міндеттері:

-ұлттық мерекелер туралы туралы түсініктерін кеңейту және дамыту;

-шығармашылық білім беру саласы бойынша балаларды ұлттық өнерге, салт-дәстүрлерге баулу;

Күн тәртібі	Дүйсенбі 09.03.2022	Сейсенбі 10.03.2022	Сәрсенбі 11.03.2022
Балаларды қабылдау	Балалармен амандасу. Балалардың дене қызуын өлшеп, тазалықтары мен денсаулықтарын тексеру. Демалыс күндерін қалай өткізгендерін сұрау, әңгімелесу. Табиғат бұрышында әңгімелесу. Балалармен күнделікті таңертеңгі жұмыстар жүргізу.		
Ата – аналармен кенес, әңгімелесу	Ата-аналармен амандасу. Кеңес беру.		
Ойындар (үстел – үсті, саусақ және т.б)	Өлең жолдарын айтқызу. Мен бақшаға барамын, Ойнаймын, ән саламын. Тәрбиеші апайлар, Досы барлық баланың.	Саусақ ойыны: "Кірпі" жаттығуы. Момаканмын алайда, (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады) Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектерін жасайды). Кіріп кетсе қолыңа, Өкпелеме жарай ма?	Қимылдық ойын: "Гүлдер мен көбелектер". Мақсаты: балаларды жылдамдыққа баулу.
Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгілік жаттығу кешені "Доппен"		
Таңғы ас	Дұрыс отырып, сөйлемей ұқыпты тамақтануға үйрету. Тамақты төкпей-шашпай, ұқыпты ішуге, тамақтанып болған соң, алғыс айтуға үйрету.		
Ұйымдастырылған оқу – қызметіне дайындық	Дидактикалық ойын: "Бұл кім?" Мақсаты: Балалардың өз жанұя мүшелерін атап, айтып бере білулеріне үйрету.	Дидактикалық ойын: "Тазалыққа не қажет?" Мақсаты: Балаларды тазалық құралдарымен таныстырып, олардың әрқайсыларының неге қажет екендігін түсіндіру.	Қимылды ойын: "Дыбыс қай жерден шығады?" Мақсаты: Балаларды тәрбиешінің белгісі бойынша қимылдап, ептілікке, кеңістікті

<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ</p>	<p>«Қатынас» Көркем әдебиет Тақырыбы: «Қасқыр мен жеті лақ» (ертегі) Мақсаты: Балаларды ертегіні мұқият тыңдауға, оның мазмұнына эмоционалды үн қатуға, үлкеннің көмегімен ешкінің әнін орындауға және сөзін айта отырып, ертегі мазмұнын жеткізе алуға үйрету, ертегі кейіпкерлеріне жанашыр болуға тәрбиелеу. Ертегіні тыңдауға қызығушылықтарын арттыру, сөздік қорын молайту, тілін дамыту. Әдіс-тәсілі: көрсету, түсіндіру, отбасы мүшелерімен таныстыру, ермексазбен жұмыс жасау, сергіту сәті, қорытындылау, мадақтау. Қажетті құрал-жабдықтар: тақырыпқа байланысты суреттер Картотека №13 Дидактикалық ойын: Торсық. Мақсаты: түстеріне сәйкес торсық пен қақпағын біріктіру. "Шығармашылық" Сурет салу Тақырыбы: «Бауырсаққа арналған жол» Мақсаты: Балаларды ертегі кейіпкерлерімен таныстыра отырып, қылқаламмен бауырсаққа арналған жолды түзу сызық арқылы салу дағдысын қалыптастыру арқылы жұмыс істеу дағдыларын бекіту, саусақтарының бұлшық еттерін дамыту, ұқыпты жұмыс істеуге тәрбиелеу.</p>	<p>"Денсаулық" Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ертегілер еліне саяхат» Мақсаты: Заттарды айнала отырып жүру. Жіптен секіріп өту. Баланың кеуде тұсынан к ерілген арағашықтығы 1 м жіптен допты асыра лақтыру. Дене сапасын дамыту. "Шығармашылық" Музыка Тақырыбы: «Әжем айтқан ертегі» И.Нүсіпбаев Мақсаты: Балаларға әнді қайталатып, ертегі әлеміне саяхат жасау. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Көңілді би»</p>	<p>«Денсаулық» Дене шынықтыру Тақырыбы: «Аю мен мasha бізде қонақта» Мақсаты: Шеңбер бойымен жүру. Гимнастикалық орындық үстімен төрттағандап еңбектеу. биіктігі 15 см болатын кедергілерден аттап өту «Таным» Құрастыру Тақырыбы: «Саусақ театрына арналған сақиналар» Мақсаты: Балаларды үлкендер көмегімен жолақшалы сақиналар құрастыруға үйрету, қағазбен жұмыс жасауға үйрету, театр әлемі туралы түсінік беруді жалғастыру Әдіс-тәсілі: көрсету, түсіндіру, жұмбақтар шешу, дидактикалық ойын, сергіту сәті, қорытындылау, сұрақ-жауап, мадақтау. Қажетті құрал-жабдықтар: тақырыпқа байланысты суреттер Дидактикалық ойын: "Ғажайып қалта" Мақсаты: сезім мүшелері арқылы заттарды ажырата білуге үйрету.</p>
--	---	---	--

	сұрақ-жауап, дидактикалық ойын, сергіту сәті, қорытындылау, мадақтау. Қажетті құрал-жабдықтар: тақырыпқа байланысты суреттер Дидактикалық ойын: «Ойыншықтарды тап!» Мақсаты: балаларды шапшандыққа үйрету.		
Серуенге дайындық	Балаларды өз беттерімен реттілікпен киіне білулеріне дағдыландыру. Киімдерінің түймелерін дұрыс түймелеуге, аяқ киімдерін оң киіп, бауларын байлауға, ұқыпты киінуге үйрету.		
Серуен	<p>1. Бақылау: Ауа райын бақылау.</p> <p>2. Еңбек: Аула тазалаушы апайдың еңбегін бақылау.</p> <p>3. Қимылдық ойын: «Жел мен жапырақшалар». Мақсаты: балаларды ептілікке баулу.</p> <p>4. Жеке жұмыс: Инжумен Қазақстан туралы әңгімелесу.</p> <p>5. Еркін ойындар.</p>	<p>1. Бақылау: Аула ішін бақылау.</p> <p>2. Еңбек: Ойын алаңындағы ойыншықтарды жинату.</p> <p>3. Қимылдық ойын: «Автомобильдер мен торғайлар». Мақсаты: балаларды жылдамдыққа тәрбиелеу.</p> <p>4. Жеке жұмыс: Сезімнен түстерді сұрау.</p> <p>5. Еркін ойындар.</p>	<p>1. Бақылау: Бұлттарды бақылау.</p> <p>Ырым: бұлттар төмен болса, жаңбыр жауады, күн суытады.</p> <p>2. Еңбек: Ересек балаларды бақылау.</p> <p>3. Қимылдық ойын: «Бұлтты суретте». Мақсаты: балаларды аңғарымпаздыққа тәрбиелеу.</p> <p>4. Жеке жұмыс: Мағжанмен бұлт туралы әңгімелесу.</p> <p>5. Еркін ойындар.</p>
Серуеннен оралу	Өз беттерімен шешінулерін, киімдерін рет-ретімен жинауын қадағалау, үйрету. Қолдарын дұрыс (көбіктенгенше сабындау) жууға үйрету, құрғатып сүртуге үйрету.		
Түскі ас	Үстел басына қол жуғаннан кейін отыру. Орындыққа өзі дұрыс отырып, тұру. Тамақты ұқыпты ішу, болған соң майлықты дұрыс қолдана білуге үйрету. Тамақтан кейін алғыс айтуды ұмытпауға дағдыландыру.		
Түскі ұйқы	Ауыз қуыстарын шаю. Киімдерін ретімен шешу. Ертегі әуенін тыңдап, тәтті ұйқыға жату.		
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Ұйқыдан кейін шеңберге тұрып сауықтыру жаттығуларын жасау. Беті қолдарын салқын сумен жуып, сергу. Киімін ретімен киюге үйрету.		
Бесін ас	Тамақ ішу кезінде сөйлемей, тыныштық сақтап тамақтану дағдыларына үйрету.		
Ойындар, дербес әрекет.	Балаларға "Бауырсақ" фланелеграф арқылы айтып беру. Ертегі арқылы тілдерін дамыту.	Сюжеттік ойын: "Дәрігер". Мақсаты: балаларды тазалыққа, еңбек сүйгіштікке үйрету.	Доппен ойындар ұйымдастыру: бір-біріне жалғау, домалату. Ойынға барлық балаларды тарту.

Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Адиядан ертегіден түсінгенін сұрау	Ернұрдан түстерді сұрау.	Інжуден сөздерді 3 тілде айтып, үйрену.
Серуенге дайындық	Аяқ киімдері мен киімдерін оң киюге үйрету.		
Серуен	1.Бақылау: Күнді бақылау. 2.Қимылдық ойын: «Гүл мен көбелектер». Мақсаты: балаларды жылдамдыққа тәрбиелеу. 3.Еркін ойындар	1.Бақылау: Ағаштарды бақылау. 2.Қимылдық ойын: «Қояндар секіреді». Мақсаты: балаларды бір орында, қос аяқпен секіруге үйрету. 3.Еркін ойындар	1.Бақылау: Кешкі ауа райын бақылау. 2.Қимылдық ойын: «Торғайлар мен мысық». Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу. 3.Еркін ойындар
Балалардың үйіне қайтуы.	Ата-аналарға балаларымен жиі сөйлесіп, әңгімелесіп отыруға кеңес айту.	Ата - аналарға балалардың тазалығына мұқият қарауларын айту.	Ата-аналарға балаларды жылы киіндіруді өтіну.